Кеткен күн тағдыр суы жуып, шайып.  
Нені іздеп келіп едің, қайда кеттің, Бұл  
жұмбақ шешуі жоқ таңғажайып. Анық  
сол: атқан таңдай әзі ғұмыр Уақыты  
бітсе кетер әлі – ақ байып.

Философиялық ойды қара сөзбен жеткізу – қиынның қиыны. Ал оны көркем, терең, поэзия тілінде жеткізу тек Асан Қайғы, Ақтамберді, Бұқар жырау, Майлықожа, Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш сияқты данышпан ақындардың ғана қолынан келетін қарекет.

Мысалдап, түспалдап сөйлеу, бейнелі образдар жасау - философиядағы байырғы дәстүр. Бір шумак өлеңімен Ғұмар Қараш өз ойларының даналығын да, түсінігін де, тәлім-тағылымын да паш етіп тұр.

Ғұмар Қараш ұстаздың, зиялының, ойшылдың миссиясын жете түсінген ақын. Заманның, елдің жайын айта келіп, жастарға аманатын жеткізе отырып, өзінің алдында тұрған парызы туралы былай дейді:

.....  
Айтып-айтып кетейін,  
Тындамаса не етейін?!  
Тындаусыз қалған сөздері  
Дүниеде жалғыз мен  
емес, Міндетімді өтейін.

Тағы бір жерде:

Қазағым саған сөзім бұл Мейлің  
тыңда, мейлің қой. Жаны ашып,  
жанып айтушы Ол да бір оңай  
табылмас, - дейді.

Ақынның мына сөздеріне де бүгінгі жастарымыз ден қойса абырой болар еді. Әй, қазақ, оқы, таста ғапілдігін, Бұл сөздер айтқан саған жақындығым.

Жақындық жолыменен айттым үгіт,  
Айтпадым ішке симай ақындығым. Жан  
ашып айтқан сөзді жақсы тыңда,  
Жақынның білу тиіс жақындығын. Бұл  
заман білік, өнер заманы – ды Бұрынғы  
іске аспайды батырлығың. Өнер тұт,  
босқа жүрме жалқауланып, Тілн ал,  
берсе тәлім ақылдының.

Адамға бұдан артық не айтуға болады?! Бұрын да, қазір де сөз тындап, сөзді ұғатын адамдар жетіспей жатады. Абай «сөз таныр кісі болса» деп армандап еді. Қазір жұрт айта жағын айтып қалатын Абай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш сияқты зиялылар болса екен деп армандайтын болды.

Ғұмар Қараш туралы, ойшылдың әркімге де әр кезде де рухани азық болар өлеңдері мен қара сөздері туралы еліміздің түкпір-түкпірінде, мектепте, оқу орындарында, баспасөз бетінде айтылуы керек, тиянақты талданып зерттелуі керек. Ғұмар Қараш та – басқа да қазақ даналары сияқты – бәріміздің өмірлік серігіміз, ақылшымыз болуға әбден лайық.

## **РЕЗЮМЕ**

В статье всесторонне анализируется философский и воспитательный смысл стихотворений и прозы выдающегося казахского поэта, просветителя и мыслителя Гумара Караша.

## **RESUME**

The article analyzes the philosophical and educational significance of poems and prose of the outstanding Kazakh poet, educator and philosopher Gumar Karash.

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ПЕДАГОГИКА**

УДК 331.54:37.013

**К. А. Байдалиев**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР**МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРДІҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН  
БОЛАШАҚ ЕҢБЕК БАҒЫТТАРЫ****Аннотация**

Жалпы орта мектепте бейіндік оқытуды жүзеге асыру барысында жоғары саты оқушыларының қызығуы мен сұранысына, бейіні мен қабілеттеріне сәйкес мамандық түрін саналы таңдауы мен тұлғалық, қоғамдық қажеттілік арасындағы байланысты зерттеу проблемалары айқындалған. Оның бірі оқушылардың өзін-өзі анықтау, бағалау қасиеттерінің төмендігі, мектептің жоғары саты оқушыларына бейіндік оқытудың моделдері мен түрлері, формалары мен құралдары толық жүзеге асырылмауы, оқушылардың мамандық түрін таңдауда қоғамдық қажеттіліктерді, қоғамдық қатынастардағы болашақ еңбек түрлерін ескермеуімен байланыстырады. Сол сияқты оқушылардың мамандық таңдау туралы сауалнамада берілген жауаптары мен шынайы кәсіби мектептерде білім алып жатқан мамандық түрлері арасындағы үйлесімділіктің расталмауы анықталған. Жоғары саты оқушылары сауалнама жауаптарында техникалық мамандықтарды таңдау жасауы артқанымен, шынайы тәжірибеде, яғни, қазіргі кәсіптік мектептерде оқып жатқан оқушылардың мамандық түрлері басым жағдайда гуманитарлық сипатта болып отыр.

**Т-йін с.здер:** *бейін, бейіндік о.ыту, кәсіп, кәсіби 2мір, маманды., та@дау, саралау, даралау, ызығу, бейім, .абілет, мотив, .оғамды. .ажеттілік, бейіндік пән, та@дау пәндері, о.ыту, Үйрену.*

Кез-келген адам баласы қоғамдық қатынастарға түсуі әлеуметтік ролімен жүзеге асырылады. Адамның әлеуметтік ролі мен өмірлік мәні тікелей еңбекпен, отбасымен және басқа қоғамдық қарым-қатынастармен байланыста жүріп, өмірлік, қоғамдық және тұлғалық құндылықтарға ие бола алады. Осы құндылықтардың адам бойында қалыптасуы алғаш мектеп қабырғасында оқу-танымдық іс-әрекеттермен шұғылдана анықталады. Оның бірі – білім алу, тұлғалық қасиеттері, әлеуметтік өмір жолына дайындығы болып табылады. Әр бір оқушы тұлғасы жалпы орта білім беру мектептерінде құндылықтарды иелену кезеңінде өзінің өмірлік жолын белгілеу орын алады. Оқушы өзінің өмірлік жолын таңдаудың ажырамас бөлігі болып, кәсіби еңбек бағытын анықтаумен жүреді. Кәсіби еңбек оқушының болашақ әлеуметтік ролін орындаудың құралы ғана емес, ол тұлғалық және қоғамдық қажеттілік. Болашақ мектеп түлегі қоғамдық еңбек түрі бойынша кәсіби білім ала, қоғамдық қатынастарда кәсіби іс-әрекетімен өзінің мұқтажы мен мүддесін қанағаттандырады, кәсіби еңбегімен табысты сәттерге бөленіп, өмірдің мәнін жетік түсінуге ұмтылады. Ол табысты сәттерге маманның жаңа өнім түрін жасау, сапасын жақсарту, қызмет көрсету саласының жаңа құралдары мен тәсілдерін ұсыну, шығармашылық, ізденіс жұмыстарын орындап, қоғамдық пайдалы нәтижелер алу болып табылады. Осы кәсіби іс-әрекеттің сәтті жетістіктері қоғамдық қажеттілік пен сұраныстарды қанағаттандырады, халықтың игілігіне үлес қосады, соның нәтижесінде адам өмір ләззатын сезініп, мәнін түсінеді.

Адамның кәсіби дамуы мен өмір жолы тұлғаның өзін-өзі жобалау үдерісімен байланысты болады. Ол мына үш сатыдан өтеді: өзін – өзі анықтау; өзін - өзі сынап көруі; өзін-өзі жүзеге асыруы. Осы кезеңдердің бірінші және екінші кезеңдері жалпы орта мектептің

қабырғасында жүреді.

Болашақ мектеп түлектерінің әлеуметтік өмір жолына дайындықты қамтамасыз ету, педагогикалық және психологиялық қолдаулар жасау жалпы орта білім беру оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде орындалады. Бүгінгі таңда Қазақстанның жалпы орта білім беру деңгейінде оқушылардың болашақ мамандық түрін таңдауға бағытталған бейіндік оқыту 2006-2007 оқу жылынан бері жүзеге асырылып келеді. «Бейін» деген ұғым түсінігі бірнеше еңбектер мен сөздіктерде төмендегі сипатта баяндалған:

1. Бейін дегеніміз қандай да бір мамандық үшін талап етілетін білім мен дағдылардың жиынтығы.
2. Бейін қандай да бір мамандықты сипаттайтын және өндірістік немесе оқу бағыты бойынша ерекшелік белгілерінің жиынтығы (оқу орнының, кәсіпорын саласының).
3. Бейін деп шаруашылықтың, мамандықтың негізгі типті қасиеттерінің жиынтығын айтады.
4. Бейін сөзінің мағынасы аталған сөздіктерде былай көрсетілген: маман бейіні, инженер металлург бейіні, кәсіпорын бейіні [1].
5. Білім беру саласында бейін:
  - а) заманауи білімнің пәндік құрылымымен сәйкес бөлінетін жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысындағы білім беру бағыты [2];
  - б) ғылым, техника, өнер және басқа салалар бойынша оқушының меңгеруі тиіс кәсіби құзыреттіліктер жиынтығы [3].

«Бейін» түсінігі туралы анықтамаларға талдау жасау барысында, олардың екі бағыттағы түйінді түсіндірмелерге бөлінуін анықтадық. Бірінші бағытта, мектептің жоғары сатысында оқушылардың бейін бойынша болашақ мамандығына қажетті білім мен білікті меңгеруді көзделсе, екінші бағыттағы анықтама тікелей мамандық түрі бойынша оқушылардың еңбек түріне сәйкес қасиеттерді, білім мен білік және құзыреттілік жиынтықтарын меңгеру анықталады. Олай болса, қазіргі Қазақстанның жалпы орта білім беру мектептерінің жоғары сатысында бейіндік оқытудың жаңартылған білім беру мазмұны бірінші бағыттағы анықтаманың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді көздеп келеді. Яғни, бейіндік сыныптардың жоғары саты оқушыларына оқу жоспарының базалық құрамды бөліктің оқу пәндерін терең, кең меңгеруге және ол пәндердің шектеулі кіріктірілген мазмұнымен ғана қамтылған білім беру басымдылық танытып келеді. Осы білім беру мазмұнында жоғары саты оқушыларына бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыру кейде күдік тудырады. Бұл жоғары саты оқушыларына ұлттық бірыңғай тестулеуге қосымша дайындық үдерісі емес па?

Бейін ұғымының екінші бағыты бойынша оқушылардың мамандыққа алғашқы даярлығын: кәсіби маманға тән қасиеттерін, кәсіби білім мен білікті, құзыреттіліктерді қалыптастырудың білім беру мазмұны мен іс-тәжірибелері толығымен қамтамасыз ету көзделмеген. Бірақ, оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауына мүмкіндік беретін, қызығуы мен қабілеттерін, қажеттілігі мен сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған қолданбалы сипаты бар таңдаулы курстар (вариативтік) мен оқушының жеке шығармашылық, жоба, ізденіс жұмыстары (оқушы компоненті) оқу жоспарында нақты анықталған. Бірақ, мектептің бейіндік оқыту тәжірибесінде таңдаулы курстарды ұйымдастыру жеткіліксіз орындалып келеді.

Жалпы орта мектептің бейіндік оқыту идеясы – оқу процесінде оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін даралау, білім беру мазмұнының қолданбалы сипат алуы және бейінді оқытуды ұйымдастырудың формалары, әдіс-тәсілдері және құралдары тиімді болып, оқушылардың қызығуын, бейімін және қабілетін, сұраныстарын қанағаттандыру, олардың өмір жолы мен болашақ іс-әрекеттерінің танымдық құралдарымен баулуға, өзін-өзі анықтауға және әлеуметтік ортада толық өзін-өзі жүзеге асыруға, кәсіби білім алуды жоғары оқу орындарында жалғастыруға жағдай жасау болып табылады. Бейіндік оқытудың анықтамасының мазмұны кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі болып табылады [2].



Осы бейіндік оқыту идеясы мен қалыптасқан анықтамасын зерделеп талдау жасасак, мектептің оқу үдерісінде оқушылардың қызығуы мен сұранысын, бейімі мен қабілеттерін анықтау арқылы бейіндер бойынша саралау және даралау оқу түрлерімен жүзеге асыруды анықтайды. Сонымен бірге, оқушылардың жеке танымдық қасиеттерін қолданбалы және кәсіби бағыттағы таңдаулы курстарда тәжірибелік іс-әрекеттерді орындау арқылы қанағаттандыруды көздейді[4,5]. Ал, мектептің жоғары саты оқушыларына бейіндік оқытудың шынайы тәжірибесінде базалық компоненттегі оқу пәндерін терең, кең көлемде оқып үйренумен анықталуы болып отыр. Оқушының мамандық түрлері бойынша өзін-өзі сынау, қабілеттері мен қызығуын қалыптастыруға бағытталған қолданбалы, тәжірибелі элективтік курстарды кеңінен тәжірибелеу жеткілікті шешілмей келеді.

Шетел тәжірибесінде, соның ішінде Чехияның мектеп оқушылары әр түрлі факультативтік пән сабақтарына қатысып, өздерінің бейімі мен қабілеттерін сынап мамандық түрін таңдауға мүмкіндік алады. Ұлыбританияда мектеп оқушылары әр түрлі мамандық бойынша нақты іс-тәжірибелерді өндірістік жағдайда орындап, қарапайым әрекеттерге үйренеді. Жапония мемлекетінде 7-9 сынып оқушылары әр түрлі бейіндегі іс-әрекеттерді орындауға бағыттайды. Үш жыл ішінде 50 жуық мамандық түрлерімен танысады. Соның негізінде мектеп оқушылары тест тапсырмаларын орындау арқылы мамандық түрін таңдауға қол жеткізеді. Жапонияда әр бір жасөспірім кемінде екі маман иесі болуы шарт екен. АҚШ – та кәсіби бағдар жұмысы 5 жастағы оқушыларға жүргізуден басталады. Оқушыларға «Мансабының дамуы» курстарын ұйымдастырып, әр түрлі мамандықтармен таныстырады. Жоғары саты оқушылары оқу-өндірістік комбинаттарда өздерінің талғамы мен қызығуына сәйкес еңбек түрлерімен шұғылданады. Оқушылар үйрену барысында бір еңбек түрінен екінші бір еңбек түрлеріне өз еркімен ауысуына мүмкіндіктер жасалған.

Қазіргі жалпы орта мектептің бейіндік оқытуды ұйымдастыруы мен оның тәжірибесі мақсатқа сай жүзеге асырылуын айқындауға, оқушылардың мамандық түрлерін саналы таңдау күйлерін анықтауға бірнеше зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне талдау жүргіздік. 2000 – 2015 аралығында Ресей Федерациясы мен Қазақстан мектеп түлектерінің арасында мамандықты таңдау құбылыстарын талдау жүргізу барысында мынандай деректер анықталды. Ресей Федерациясында бейіндік оқыту идеясы 2000 жылдан басталған. 2002 жылы 1500 оқушы арасында мамандық таңдау бойынша сауалнама жүргізіп, оның мәліметтерін өңдеу нәтижесінде қыздардың басым көпшілігі сән бизнесі, экономист, заңгер, сәтті тұрмыс құру, бухгалтер, медицина саласына қызмет ету, кәсіпкерлік еңбекпен шұғылдануды анықтаған. Қыздардың келесі топтары педагог, сауда қызметкері, актриса, менеджер, хатшы мамандықтарын таңдауды үміт еткен. Үшінші топтағы қыздар компьютерлік бағдарламашы, үй тұрмысымен шұғылдану, психолог, дизайнер мамандықтарын таңдауға ниет білдірген. Қыздардың арасында 39 пайызы мамандық түрін таңдауға ұмтылысы жоқ екендігі анықталған.

Ал, ер балдардың ішінде басым көпшілігі кәсіпкерлік, заңгер, қаржыгер, банкир, компьютерлік бағдарламашы болуға ұмтылса, келесі топтағы ер балдар менеджер, орган саласында қызметкер, көлік жүргізуші, жетекші, сауда қызметтері болуды көздеген. Соңғы топтағы ер балдар инженер, медицина қызметкері, қосманавт, саясаткер еңбек түрлерін таңдаған. Сауалнамаға жауап бермеген ер балдардың шамасы 31 пайыз құраған.

Олай болса, қыз балдар мен ер балдар арасында мамандықты таңдау түрлері бойынша біршама ерекшеліктер бар екендігі анықталды. Әсіресе, оқушылар арасында әлі де болса мамандықты таңдау дайындығының, интеллектуалды еңбек түрлерін таңдау рейтингісінің төмендігі, экономика мен заңгер мамандық түрлерін қыздар мен ер балдардың таңдауы тепе-тең болуы анықталды.

Осы оқушылардан мамандықты таңдауға ықпал еткен мотивтерді анықтауда, ең жоғары рейтингтегі түрткілерге жалақының жоғары болуын оқушылардың 39 пайыз көрсеткен. Сол сияқты ата-ананың мүмкіндігіне сәйкес таңдауын белгілеген оқушылардың саны 11 пайыз құраса, мамандықтың мәртебелілігі деген түркіні оқушылардың 14 пайызы белгілеген. Ал, оқушының саналы таңдау белгісін анықтайтын мәнді түрткілердің ішінен: мамандықтың өзектілігі, оқушының қызығуы мен қабілетіне сәйкес келуі 7 пайыз ғана құраған. Осы сұраққа жауап бермеген оқушылардың саны 28 пайыз құраған.

2013 жылы Ресейдің 40 жоғары саты оқушыларының арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша заңгер, дәрігер, психолог, программист мамандықтарын таңдаулары

басым болса, экономика, саласы бойынша мамандықтар таңдау төмендеген. Инженер, технолог, автомеханик, дизайнер мамандықтарын таңдау динамикасы өте төмен екендігі анықталды. Оқушылардың ішінен 9 оқушы мамандық түрін мүлдем белгілемеген. Мамандықты таңдауға негіз болған себептерді көрсетуде 29 оқушы жеке қызығуын көрсетсе, 5 оқушы жалақымен байланыстылығын, 2 оқушы ата-анасының кеңесімен таңдауын белгілеген. Оқушылардан таңдаған мамандықтың мәнділігі неде деген сауалдың жауаптарында бірінші жоғары жалақысын (36 оқушы), екінші мансаптың өсуі (24 оқушы), қоғамдағы қадірлігі (18), жеңіл еңбекке орналасу (10 оқушы), нарықты еңбекте өзектілігі (8 оқушы). Олай болса, бұл сұрақтың ішіндегі қоғамдық қажеттілігі мен оқушы тұлғасының мамандық түрін таңдау түрткісі арасындағы үйлесімділік шамасы оқушылар арасында өте төмендігі анықталды. Осы оқушылардың арасында жұмысшы мамандықтардың мәртебелілігін анықтауға берілген сұрақтың жауабында, 14 оқушы ол еңбек түрлерін қолдаса, қалған 24 оқушы растамаған. Оқушылардың 75 пайызы өндірісте жұмыс істеуге ниеті жоқтығы анықталды.

Мектеп түлектерінің мамандық таңдауы мен жоғары оқу орындарында кәсіби даярлық бойынша білім алып жатқан студенттердің кәсіби өмір жолы арасындағы байланысты анықтауға 2013 жылы студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау жүргіздік. Студенттердің мамандық таңдауға ықпал еткен себептердің ішінде, өзі таңдау жасаған студенттердің шамасы 36 % құраса, 19,8 % ата-анасының кеңесімен түскенін, 12,8 % достарының кеңесімен, 10,5% студенттер кездейсоқ жағдайда таңдағаны анықталды. Кәсіби оқу орнындағы оқып жатқан мамандық бойынша кәсіби еңбек етуге дайынсың ба? Деген сауалға, олардың 17,9 % ғана қолдаса, 30,8 % әлі де болса өзіне-өзі күдікпен қарауы байқалып отыр. 38,4 % жағдайға байланыстылығын белгілеген. 12,9 % мамандық бойынша жұмыс істемейтінін көрсеткен.

2015 жылы Ресейдің болашақ мектеп түлектерінің мамандық таңдау динамикасын бақылауға жүргізілген сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігі басқару мен менеджмент, өнер, экономика, бұқарамен байланыс, психология салаларының мамандықтарын таңдау анықталса, екінші топтағы респонденттер ақпараттық технология, инженерлік мамандықтар, заңгер, журналист, педагогика салаларының мамандық түрлерін таңдағаны байқалады. Олардың мамандық түрлерін таңдауға негіз болған себептерге жоғары жалақының (14 %), мансап (12%), өзінің өмірлік мақсатын жүзеге асыру (14%), мамандықтың шығармашылық сипаты (12%), өзінің қабілеттерін дамыту (11%), ақыл-ойын дамыту (4%), жаңа технологияларды дамытуға үлес (4%) қосуды көрсеткен.

Соңғы сауалнаманың нәтижесін талдау барысында оқушылардың басым көпшілігі инженерлік-техникалық мамандықтарға қарағанда, гуманитарлық бағыттағы мамандық түрлерін таңдау жасағаны, олардың мамандық таңдауында қоғамдық, тұлғалық қажеттіліктер мен сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған мақсатқа сай таңдаулар жасау динамикасының өсуі артып келе жатқаны байқалады.

2010 жылы Қазақстанның 300 мектеп түлектері арасында мамандық таңдау бойынша сауалнамада, мамандықты таңдауға ықпал еткен түрткіге қоғамдық мәні (8%), материалдық игілігі (41%), шығармашылық жұмыс сипатын (51%) белгілеген. Мамандық түрін таңдау факторларының ішінде басым көрсеткіштерге: оқушылардың өзі таңдау жасауы 58% құраса, білімін кәсіби біліммен жалғастыру 60 %, ата-ананың кеңесімен таңдаған оқушылар 45 %, педагогтың ұсынысымен таңдаған оқушылар 16 %, ақпарат құралдарының көмегімен 38 %, қосымша білім беру салалары 45 % құраған. Ал, оқушылардың 14% әлі таңдауларын жасамағанын көрсеткен.

Осы оқушылардың өзекті, қоғамдық қажеттілігі жоғары мамандық түрлерін белгілеуде жоғары рейтингтегі мамандық түрлеріне заңгер, экономика, бұқаралық ақпарат, медицина, шығармашылық мамандықтар кірсе, орташа рейтингке әскери, қызмет көрсету саласы, инженер, дипломат, халықаралық қатынастар мамандықтары орын алған. Төменгі рейтингтегі мамандықтарға программист, IT технология, мұнай және газ саласы, көлік және байланыс, ғылыми еңбек саласы бойынша мамандықтар белгіленген.

Осы 2010 жылы Қарағанды обылысының колледждеріне 10352 оқушы кәсіби білім алуға түссе, 2013 жылы 7812 оқушы ғана мамандық бойынша кәсіби білім алып шыққан. Оқушылардың оқудан шығу себептерін айқындауға жүргізілген сауалнамада ата-анасының кеңесімен түскен оқушылардың шамасы 47 %, кездейсоқ 20 %, қоғамдық пікір бойынша 17%,

достарының кеңесімен түскен 10 % құраса, өзінің таңдауымен түскен оқушылардың құрамы 6 % ғана болған.

Бұл сауалнаманың нәтижесі бойынша оқушылардың мектеп қабырғасында мамандықты таңдауға бағытталған психологиялық, педагогикалық қолдаулардың жеткіліксіз орындалуы мен бейіндік оқытудың толық жүзеге асырылмай отырғанының белгісі болып табылады.

2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысының 2206 мектеп түлектері арасында мамандық таңдау бойынша сауалнама мәліметтерін қорытындылау нәтижесінде, олардың ішінде 450 оқушы агроном, 370 оқушы әскери қызметкер, 258 механик, 246 инженер, 231 темір жол қызметкері, 110 өрт сөндіруші, олардың 16 пайызы медицина мен қызмет көрсету, шығармашылық мамандықтарды таңдау жасаған. Олардың ішінде оқушылардың 17 % басқа мамандық түрлерін белгілеген. Сол сияқты, 2014 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының 109 оқушысы арасында мамандық таңдау ниеттерін айқындауға бағытталған сауалнамада 25 оқушы техникалық бағыттағы мамандық түрлерін таңдаса, 47 оқушы медицина мен ветеринария, 7 оқушы химия, 30 гуманитарлық саладағы мамандықтарды таңдап отыр.

Биылғы оқу жылы бітіретін Орал қалалық № 38 жалпы орта мектеп түлектерінің (35 оқушы) 10 оқушысы техникалық мамандық таңдап отыр, 7 оқушысы медицина мен ветеринария, 5 оқушы химиялық кәсіп орын мамандықтарын, ал, гуманитарлық мамандықтарды 13 оқушы ғана таңдау жасаған.

2014 жылындағы мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысы бойынша кәсіптік және техникалық білім беру мамандық салалары мен саны: педагогика – 19; заңгер – 2; медицина -9; өнер мен мәдениет – 15; сервис, экономика және басқару – 17; техника, технология, қызмет көрсету(барлық салалар бойынша) – 54; ауылшаруашылық, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы – 14; экология және қауіпсіздік -3; ветеринария -3 болып отыр. Осы аталған бейіндер бойынша Батыс Қазақстан облысының колледждерінде білім алушылардың саны: педагогика – 4963; заңгер – 1070; медицина -1820; өнер мен мәдениет – 739; сервис, экономика және басқару – 6152; техника, технология, қызмет көрсету(барлық салалар бойынша) – 4757; ауылшаруашылық, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы – 935; экология және қауіпсіздік -161; ветеринария – 281 құраған.

Олай болса, соңғы жылдары Қазақстанның мектеп түлектерінің арасында техникалық мамандық түрлеріне қарағанда гуманитарлық, өнер мен мәдениет саласы бойынша мамандық түрлерін таңдау басымдылығымен артықшылық танытып отыр. Қазақстандық оқушылардың жоғарыдағы сауалнамада техникалық бағыттағы мамандықтарды таңдауымен нақты колледждерде оқып жатқан білім алушылар гуманитарлық бейіндері бойынша кәсіби білім алуы арасында үйлесімділіктің орнықсыздығы анықталды. Бұл әрине, мектептің бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың шынайы проблемасына нақты дерек болып табылады.

Қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі оқушылардың бейіндік оқуын жүзеге асыруда, олардың жеке қызығуы мен қабілеті негізінде таңдаған бейіндері мен кәсіби өмір жолына даярлық қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырумен жанасуы қажет. Ол дегеніміз Қазақстанның әр бір аймағының инфрақұрылымдық ерекшеліктеріне, субъект шаруашылық түрлеріне бағытталған еңбек түріне болашақ мектептің жоғары саты оқушыларын дайындаумен жалғастырылуы абзал. Екінші мәселеге келешекте қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыруға еңбек нарығында қандай жаңа және дәстүрлі еңбек түрлері немесе мамандықтар қажет болады? Егер, 2014 жылы Қазақстанда рейтингісі жоғары мамандықтарға медицина қызметкерлері, инженер-механик, дәрігер, инженер-электрик, IT – маманы, азаматтық құрылыс маманы, желілік инженер, бухгалтер және тіс дәрігері кірсе, 2019 жылдары инженер, құрылысшы, сәулетші, конструктор, аналитиктер, программистер, логистер, сауда қызметкерлері, фармацевтер, жұмысшылар, сарапшылар, рекрутерлер жоғары рейтингтерге иеленбек. Қазақстан еңбек нарығы келешекте заңгер, экономист, аудармашылар, персоналдарды дайындау мамандарына мұқтаж болмайтынын сарапшылар анықтап отыр. Сол сияқты еңбек нарығында шектеулі біліктіліктегі кәсіп түрлері: күзетші, вахтер, кондуктор, МАИ инспекторы, пошташы, кассир, байланыс операторы және т.б. толығымен жойылып келеді[6].

Ал, 2017-2025 жылдар арасында рейтингтері жоғары мамандықтарға: IT саласы (Веб дизайнер, оптимизаторлар, ойын дизайнері және т.б.); инженерлер (құрылыс, проектировщиктер, телекоммуникация және байланыс және т.б.); сауда саласы (менеджер,

агент, сатушылар-кеңесшілер); интернет-жарнама, интернет-маркетинг; бизнес консалтинг (бизнес-консультант, маркетинг, экономист, аналитик, персонал дайындау маманы) түрлері кіреді, - деп дүние жүзілік еңбек рыногын талдау жасап отырған сарапшылар болжамдауда[7].

Қорыта айтқанда, жалпы орта мектептің бейіндік оқыту үдерісі оқушылардың мамандықты өзбетімен таңдау жасауды, олардың мамандықты таңдауға бағытталған даярлық іс-әрекеттерімен қамтамасыз ету толығымен жүзеге асырылмауына кепіл болатын жоғарыдағы зерттеулердің деректері бола алады. Жоғары саты оқушыларына бейіндік оқытуды жүзеге асырудың қазіргі проблемаларына оқушының өзбетімен мамандық түрін таңдау дәріменсіздігінің қалыпты сақталуы, өзін-өзі бағалау дәрежесінің төмендігі негізінде таңдау мотивтерінің толық қалыптаспауы байқалуда. Оқушылардың мамандықты таңдауда қоғамдық қажеттіліктерді ескермеуі, мектеп тәжірибесіндегі бейіндік оқытудың білім беру мазмұны тек пәндік сипатта орын алуы, оқушылардың әр түрлі мамандық түрлері бойынша қабілеті мен бейімін сынауға және өзін-өзі анықтауға бағытталған қолданбалы тандаулы курстардың оқу үдерісінде тәжірибеленбеуі нәтижесінде мамандыққа уәждеу, қызығуы мен қабілеттерінің қалыптаспауы жиі кездеседі. Соның нәтижесінде кәсіби білім алу оқу орындарында білім алушылардың мамандық бойынша кәсіби еңбек ету және оның қоғамдық, тұлғалық мәнін түсінуі толық қалыптаса алмай келеді.

Осы аталған проблемаларды шешу бейіндік мектептің мақсатқа сай анықталған тұжырымдама идеясы мен ұстанымын, қағидалары мен шарттарын, ұсынылған бейіндік оқытудың әр түрлі моделдері мен формаларын кеңінен, толығымен оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибелеу, оқушылардың өзбетімен мамандық таңдау, өзін-өзі анықтауға бағытталған кәсіби бағдар іс-әрекетінің бағыттарын жандандыру, мектептің білім беру деңгейлерінде бірізді және сабақтастықта оқушылардың бейін түрлерін таңдау жасауға үздіксіз, жүйелі педагогикалық және психологиялық қолдаулар жасаудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, құралдарын өнімді қолдану қоғамдық және педагогикалық қажеттіліктен туындайды.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / С.И.Ожегов, Н.Ю. Шведова. – М.: Азбуковник, 1999. – 944 с.
- 2 Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2010. – 13 бет.
- 3 Большой энциклопедический словарь. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: «Большая советская энциклопедия». – СПб.: «Норинт», 1997. – 1456 с.
- 4 Абдыкаримов Б. А., Мамерханова Ж. М., Соколова М. Г. Методическое пособие к изучению курса «Педагогика профильного обучения» / Б.А. Абдыкаримов, Ж.М. Мамерханова, М.Г. Соколова. – Караганда, 2007. – 243 с.
- 5 Омарова В. К. Профильное обучение: теория и практика /В.К. Омарова. – Павлодар: ПГПИ, 2005. – 66 с.
- 6 Престижные профессии / <http://www.moeobrazovanie.ru>
- 7 50 наиболее востребованных профессий будущего / [http:// humantime. com.ua](http://humantime.com.ua)

#### **РЕЗЮМЕ**

Основная проблематика статьи – реализация профильного обучения в школах Казахстана и его влияние на выбор профессии старшеклассниками. Анализ исследований по данной тематике позволяет автору сделать вывод о влиянии на процесс профессионального самоопределения учащихся следующих факторов: недостаточной сформированности мотивов, низкой самооценки, понимания актуальности и востребованности профессии.

#### **RESUME**

The main problem of the article is the implementation of profile education in Kazakhstan schools and its impact on choice of profession for senior students.

The analysis of research on subject allows the author to conclude that the process of professional self-determination of senior students impacts on the following factors: the lack formation of motivation, low self-esteem, understanding the urgency and relevance of profession.

УДК 378:37.091.321.

**Э. Э. Браун**, доктор сельскохозяйственных наук, профессор, Почетный работник образования РК, Почетный академик Полевой академии Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск, РК

## О ЛЕКТОРСКОМ МАСТЕРСТВЕ ЛЕКТОРА В ВУЗЕ

### Аннотация

В данной статье рассматриваются требования к вузовской лекции, основные принципы построения лекции, большое внимание уделяется структуре лекции, форме, культуре речи.

**Ключевые слова:** лекция, лекторское мастерство, принципы построения лекции, лектор.

Выпускник обязан максимально владеть информацией в своей области. Еще важнее, чтобы он владел методами поиска информации, знал ключи к ней, умел разобраться в исторических корнях, закономерностях развития, породивших новую научную информацию, использовать массу явлений и фактов, обобщенные закономерности в целях правильного решения поставленных перед ним задач.

Донести до студента, будущего специалиста, максимум научной информации, обеспечить выработку у него указанных качеств должен преподаватель вуза посредством различных видов учебных занятий. Лекция среди них занимает особое место. Она вводит студентов в курс, ведет их по курсу, учит его использовать книгу, будит интерес к изучаемой науке, вызывает стремление к творчеству. В ней содержится теоретическое обоснование выработанных в данной области науки или техники методов, правил, приемов, норм практического решения задач, в ней содержится изложение законов развития природы и общества, вскрытых и обобщенных в данной отрасли науки закономерностей.

Она действует на мысль, чувства, волю слушателя. Лектор влияет на убеждение слушателя своими убеждениями.

Известны лекции различных видов: публичные, массовые, на специальную тему для специалистов данной квалификации, лекция в учебной аудитории.

До начала подготовки лекции необходимо изучить лекционную программу, программу практических работ. Определить, что давать на лекциях, что на практических, а что для самостоятельной работы. Детально изучить основную и дополнительную литературу по дисциплине.

Не обязательно излагать весь материал программы в лекции. Часть вопросов можно дать для самостоятельной работы. Следует просматривать новые книги, журналы, а затем изучать необходимые из них. Последовательность некоторых тем (порядок их рассмотрения) может быть изменена.

Среди основных принципов построения, важнейших качеств всякой лекции можно назвать:

1. Научность содержания и достоверность в освещении реальной действительности.
2. Идейность и объективность.
3. Систему в изложении, доходчивость, убедительность.
4. Четкость и ясность, высокую культуру речи.

Рассмотрим эти требования в отдельности применительно к лекции в студенческой аудитории.

**О научности и достоверности.** Лекция должна давать новейшую информацию, она должна быть содержательной, давать противоречивые понятия, открывать перспективы развития науки, заставлять студентов самостоятельно мыслить и работать.

В лекции должно быть один или два главных вопроса, на которые нужно давать исчерпывающие ответы, а на остальные лишь по мере необходимости, дополняющие первые два вопроса.

Обязательно нужен план лекции и желательно более подробный. План лекции должен состоять из трех частей: вступление, основная часть, заключение.

Вводные лекции должны раскрывать методические основы. Трудность в том, что лектор должен касаться главных вопросов, которые будут освещены позже.

Лектор должен познакомить слушателей с планом всего курса, показать специфику своего предмета, строго ограничив его от других предметов, в то же время показать связь его с другими дисциплинами, науками.

Методологическая работа должна вестись на протяжении всего курса. Заключительные лекции дают обобщения, вводят его в науку, придают мировоззренческий характер, знакомят слушателей с перспективой нашей науки.

Читая лекции необходимо чередовать изложение трудного и легкого. В конце лекции желательно получить записки на интересующие студентов вопросы, с тем чтобы ответить на них сразу или в последующих лекциях.

Лекцию можно считать прочитанной на высоком научно-теоретическом уровне, если она содержит научные выводы, если в ней изложены выявленные закономерности. На самом деле наука только тогда становится наукой, когда удается вскрыть, выявить и обобщить закономерности. Пока они не выявлены, мы имеем дело, в лучшем случае, с прикладным искусством, ремеслом или просто с разрозненными фактами. Только тогда, когда вскрывается наличие объективной взаимосвязи между явлениями, фактами природы или общества, устанавливаются определенные закономерности, возникают новые отрасли знаний, новые научные дисциплины, преподаваемые с кафедр вузов.

Разумеется, в преподавании научных дисциплин содержится также изложение фактов и в какой то мере даже инструктивное объяснение. Особенно в прикладных дисциплинах приходится и в лекциях излагать основные методические положения, то есть отвечать на вопросы: что и как делать? Не это, однако, составляет главное содержание лекционного курса. Материал, который не требует обоснований, должен переноситься на семинарские, лабораторные и практические занятия, а то и на самостоятельное изучение студентами по учебникам и по учебным пособиям.

На долю же лекций должны оставаться, прежде всего, научные определения, теоретические обоснования рекомендуемых методических положений, конкретных приемов, правил и действий, то есть главным образом ответы на вопросы: почему так надо делать? Вместе с тем, нельзя всю лекцию сводить к общим положениям, выводам. Великий русский химик Д.И. Менделеев оживлял лекцию непосредственными наблюдениями и впечатлениями, которые придавали его словам свежесть, жизнерадостность и правдивость. Он умело использовал в лекции результаты своих научных исследований. По свидетельству современников, лекции Д.И. Менделеева не отличаясь яркой формой, обладали глубоким интересным содержанием. Он применял действенный метод изложения, показывал пути формирования (генезиса) истины, пути вскрытия научных законов, «знание уже известного не удовлетворяет прямому назначению высших учебных заведений, они должны воспитывать лиц, могущих самостоятельно затем идти в область неизвестного, пытливых, обладающих всеми основными свойствами, необходимыми для достижения еще неизвестных областей знания» [1].

Д.И. Менделеев всегда тщательно выбирал факты, старался не обременять ими своих слушателей. Он остроумно говорил, что «лекция, перегруженная фактами, напоминает очаг до того заваленный топливом, что начинает затухать».

Прекрасным образцом содержательной и глубоко научной лекции являются лекции выдающегося русского биолога К.А. Тимирязева. Его выступления часто сопровождалось опытами и представляли собой ознакомление слушателя с научными открытиями.

Разумеется, требованиям научности и достоверности прежде всего отвечает лекция, построенная на результатах собственных исследований. Именно поэтому столько внимания уделялось научно-исследовательской работе в вузах. Эта работа имеет важное значение не только для внесения вклада в науку, не только для повышения квалификации, но и для обогащения преподавания. Из многих выдающихся лекторов вузов, из собственного опыта можно свидетельствовать, что самая яркая и глубоко содержательная лекция получается тогда, когда она излагает результаты собственных исследований. В связи с этим следует считать большим недостатком то обстоятельство, что некоторые преподаватели совсем не ведут научно-исследовательской работы, а многие лучшие преподаватели вузов вынуждены читать лекции не по одной, а по двум и более дисциплинам. Следуя программе, лектор в таких случаях лишь в незначительной части прибегает к результатам своих исследований. Разумеется,

необходимо разумно использовать научные достижения других отечественных и зарубежных ученых, всесторонне освещать их научные концепции и позиции, подвергая их критическому анализу и не боясь изложить собственные позиции.

Содержание лекции определяется ее темой и должно обеспечивать достижение основной лекционной формы обучения. Цель чтения лекций состоит в формировании у студентов представления о каком-либо объекте, явлении или процессе, а так же методах и методологии науки и практики. При этом рассматриваемые явления или процессы могут иметь единичный, частный или общий характер.

Студентам следует откровенно рассказывать о наличии расхождений в толковании фактов, приводить различные гипотезы и теории, при этом точно указывать их авторов, называть научно-исследовательские институты и учреждения, в которых эти теории разрабатываются. В придании лекции достоверности большое значение имеет изложение результатов обобщения передового опыта и практики. Практика – конечный критерий истины. Созерцаемые в практике конкретные факты являются материалом для обобщения.

Об идейности и объективности. В этом отношении разумеется, трудно сравнивать лекции, например, по математике или почвоведению с лекциями по истории и философии. Лекции, в которых содержится политическая трескотня, беспредметные введения, цитаты, привязанные за уши, являются безыдейными. К сожалению, таких лекций еще немало, а между тем имеется достаточно материала для придания лекциям – и на общественные, и не на общественные темы – идейной насыщенности.

В лекции теперь нужны не сплошные вводные замечания со ссылками на авторитеты, не шаблоны и готовые рецепты, а основные принципы, которыми должен руководствоваться специалист в своей будущей практической деятельности; анализ (математический, экономический) цифр, фактов, явлений, сравнения, сопоставления, критическое рассмотрение явлений, фактов – вот что является главным в лекции.

Прошло то время, когда в вузе главное внимание уделялось вводной лекции. Разумеется, хорошая вводная лекция требуется, но, однако, важна не только она и не столько она. В ней, особенно если она является началом большого лекционного курса, необходимо изложить методологические основы нового курса, его определяющие, назвать основопо-ложников данной науки, отечественных, а также зарубежных, сущность их учения, изложить цель и задачи научной дисциплины, ее предмет и метод, порядок ее изучения, содержание программы. Неправильно поступают те, кто стремится во вводной лекции изложить всю теорию, отводя на остальные лекции лишь перечень фактов и шаблонов. Каждая лекция должна представлять нечто цельное и разумно сочетать методологические и методические положения, факты и научные выводы, научные определения и практические рекомендации.

Структура лекции должна обеспечивать систематичность и последовательность раскрытия ее содержания. «Разрывы» в логике рассуждений лектора допустимы лишь в случае постановки проблем, предназначенных для самостоятельного решения студентами. Кроме того, структура лекции должна обеспечивать согласованность лекционной формы обучения со всеми другими его формами как в рамках курса конкретной дисциплины, так и в рамках учебного плана в целом.

О системе в изложении, доходчивости и убедительности. Главное в лекции, разумеется, – содержание. Однако форма активно влияет на содержание. Чтобы лекция отвечала своему назначению, в ней, как правило, должна соблюдаться следующая схема: положение – доказательства – выводы или заключение – резюме (тезис, антитезис, синтезис). Положение должно содержать обобщенную закономерность, требующую, однако, доказательства. Каждому понятно то, что человеку хотя бы немного знакомо, возбуждает в нем жажду дальнейшего знания.

Имеются различные приемы для придания лекции доходчивости, убедительности. Очень важно в этом отношении обеспечить наглядность. Таблицы, плакаты, чертежи, их разумное применение, но не чрезмерное, весьма уместно. Уместны также различные аналогии, примененные К. Марксом в «Капитале»: «паук совершает операцию, напоминающую операцию пчелы. Постройкой своих восковых ячеек пчела посрамляет некоторых людей – архитекторов. Но и самый плохой архитектор от наилучшей пчелы отличается тем, что прежде чем строить ячейку, он уже построил ее в своей голове» [2].

О четкости лекции и культуре речи. Всякий вид обучения, в том числе и лекция, предполагает управление познавательной деятельностью учащихся. Лекция должна быть лексически точной, орфоэпически правильной, стилистически выразительной. В ней должна быть видна ясность мысли. Она должна отличаться культурными, красивыми словами. Культура речи, эмоциональность, использования фразеологического богатства и изобразительных средств языка – все это имеет большое значение для успеха лекции. Темп, соответствующий содержанию и стремлениям метода, соответствующая сила голоса в различных местах лекции, уместная шутка, поговорка, пословица, украшают лекцию, усиливают ее доходчивость до слушателя. Необходимо обеспечить кристалличность, избежать аморфности в изложении. Следует помнить, что студент хорошо воспринимает, если этим не злоупотреблять, четкий перечень положений, доказательств, выводов с применением даже нумерации отдельных положений. Доказательства, выводы, наиболее важные места в лекции могут акцентироваться голосом, более замедленным темпом рассказа и наконец, в отдельных редких случаях – даже диктовкой. Успех лекции во многом зависит от широты кругозора лектора, от его умения владеть материалом, от культуры его речи. Лекция, живое слово, живое общение играет ведущую роль. Паралингвисты (паралингвистика – наука о передаче информации с помощью интонации) считают, что с помощью интонации можно передать до 40 % информации. Один актер подсчитал, что русское слово «да» может иметь 500 значений и оттенков. Столько же может иметь слово «что». Поэтому очень большое значение имеет постановка голоса, интонации.

Ораторы и лекторы всех времен – от древнего мира до наших дней, от «духовного регламента Петра I» до «советов лекторам» выдающегося русского оратора А.Ф. Кони уделяли много внимания общению со слушателями, и всегда акцентировали внимание на культуре речи. Вот некоторые советы А.Ф. Кони по вопросу: «как удержать внимание слушателя в процессе чтения лекции?»

1. Краткость способствует удержанию внимания слушателя. Речь должна быть экономной, упругой, из лекции удаляется все лишнее, не относящееся к содержанию основной темы.

2. Быстрое движение речи способствует сохранению внимания слушателя.

3. Краткие, «освежающие» отступления помогают удержать внимание слушателя.

4. Внимание сохраняется хорошим качеством лекции. Содержательную, яркую, выразительно прочитанную лекцию всегда будут слушать со вниманием, а бедную по содержанию и тусклую по форме не спасут ни какие «зацепляющие крючки» и самые интересные «освещающие отступления».

Очень важно хорошее начало лекции. Оно должно соответствовать характеру аудитории, профилю подготовляемого специалиста, моменту произношения лекции.

Большое внимание следует уделять концу речи. Если по началу встречают, то по концу провожают. Лектору следует осторожно пользоваться жестами, не расхаживать во время лекции, не делать однообразных жестов. Лицо должно говорить вместе с языком. Для лектора не должно быть постоянной точки в аудитории, он должен всматриваться в различные группы и в отдельных слушателей.

Большое внимание следует уделять форме, культуре речи, языку лекции. Необходимо избегать шаблона в начале и в конце речи, однообразия речи, не ставить близко друг к другу одни и те же слова! Хороша та речь, которая легка, свободна, непринужденна[3].

Речь должна быть простой и понятной; иностранные слова, термины должны быть кратко объяснены. Наглядные сравнения, выразительные эпитеты, убедительные параллели очень оживляют лекцию. Лектор должен знать и верить языку. Некоторые говорят: «Могу хорошо написать, но не могу выразить устно», а некоторые будто бы могут хорошо сказать, но не могут грамотно написать. Эти люди смешивают красноречие с культурой речи. Если человек говорит четко, ясно, то и пишет он правильно и, самое главное, правильно мыслит. Немецкий философ – идеалист Шопенгауэр писал: «кто ясно мыслит, тот ясно излагает».

Культура языка – это, в конечном счете, культура мысли. Чтобы хорошо писать или говорить, надо правильно думать. В этом справедливо замечание Чернышевского: « что неясно представляешь, то неясно и высказываешь». Неточность и запутанность выражений свидетельствует только о запутанности мыслей. Аналогично высказывание М. Горького: «В области словесного творчества языковая, лексическая малограмотность всегда является



признаком низкой культуры...» Чтобы придать лекции определенную эмоциональность, необходимо использовать

фразеологические и изобразительные средства языка, не бояться повторять новыми речевыми средствами одно и то же положение, использовать в лекции и иронию, и сарказм, и риторический вопрос, и шутку, избегать связанности и привязанности к кафедре. Студент, как и всякий слушатель, не любит сухой, скучной лекции, без юмора, без шутки. Умение воспользоваться остроумным примером, прибегнуть к иронии, к шутливому выражению, придадут лекции невыразимую иными средствами непринужденность.

О темпе лекции. Он должен быть умеренным и, вместе с тем, разным в зависимости от содержания материала. В одном месте может быть медленным, в другом – быстрым. Каждое положение должно излагаться с таким расчетом, чтобы студент мог легко его запомнить, если не в первый, то во второй раз. Это относится и к выводу. Большое значение имеет сила голоса. Одну фразу можно произносить тихо, медленно, а другую с большей силой, убедительностью. Лекция должна читаться так, чтобы студент успевал ее конспектировать, он должен активно работать на лекции и знать, что конспект нужен не столько для того, чтобы по нему готовиться к экзамену, сколько для того, чтобы работала зрительная память.

Общеизвестно, что лекцию можно готовить либо планом, либо тезисами, либо конспектом или полным тезисом. Все зависит от опыта лектора, владения им материалом, умения излагать материал, но независимо от того, какой способ подготовки принят, лекция должна произноситься живой и свободной речью. Если нет живой речи, то лектор не нужен, он может быть заменен магнитофоном. Некоторые вопросы, полагаю, могут быть дискуссионными.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Менделеев Д. И. – Соч., том III. – С. 183.
- 2 Маркс К. Капитал, 1955 год, Т I. – С. 185.
- 3 Браун Э.Э. Культура речи и здравый смысл. Мысль. – Алматы, 2014. – №10. – С.19 -21.
- 4 Горький М. О литературе, советский писатель. – 1953. – С. 650.

### ТҮЙІН

Түлек өзінің білім сапасы бойынша ақпараттарды толық меңгеруі тиіс. Сонымен қатар маңыздысы ол ақпараттарды игеру методикасын және оларға кілттерді іздеп табуды білуі тиіс, ғылымның ақпараттың шығу тарихын ұғына және оның пайда болуын білуі қажет. Құбылыстарды және болған ақпараттарды түсініп оларды пайдалану мақсатында алға қойылған міндеттерді дұрыс шеше білуі тиіс.

Студентке, болашақ маманға ғылыми ақпаратты максималды ұғындыра жеткізуді және жоғарыда айтылған сапалы (ойларды) түсініктерді әртүрлі оқыту түріндегі сабақтар арқылы ЖОО оқытушысы жеткізуі тиіс.

Соның ішінде дәріс ерекше орын алады. Ол студентті ғылымға бағыттайды, ұғындырады, оған оқулықтарды пайдалануды үйретеді, игеріп оқитын ғылымына қызығушылығын арттырады, шығармашылық құштарлығын оятады.

Осы ғылым саласының ғылыми теориялық мазмұнының пайда болу дәлелін немесе методикасының техникасын, ережесін, тәсілдерді, міндеттерді практикалық тұрғыдан шешу нормасы, табиғаттың және қоғамның даму заңдылықтарын, осы сала бойынша жинақталған және ашылған заңдылықтарды білуді үйретеді. Ол тыңдаушының ойына, сезімталдығына, талаптылығына әсер етеді. Дәріс беруші өзінің ғылыми түсініктері арқылы тыңдауның түсінігіне әсер береді.

### RESUME

Graduates must possess information about education quality as possible as full. More importantly, he owned the means to search for information, was able to understand the historical roots, the laws of development that gave rise to new scientific information, use a lot of events and facts generalized patterns in order to properly solve its tasks.

To convey to the students, the future specialist, maximum of scientific information, to ensure the production of these qualities he needs a teacher of the university through various training sessions. Lecture among them a special place. It introduces students to the course, leading them on the course, learn to use the book awakens an interest in science studies, is the desire to be creative. It contains a theoretical foundation in the field of science or engineering techniques, rules, methods, norms of practical problem solving, it contains a summary of the laws of nature and society, dissected and summarized in this branch of science laws.

It acts on the thoughts, feelings and will of the listener. Lecturer affects the listener's belief and his convictions.

УДК: 378:574

